

gorenje




M500DC

ҚОЛ МИКСЕРІ

**Пайдалану жөніндегі басшылық
KZ**

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ ҚЗ

Пайдалану жөніндегі келесі нұсқауларды толығымен мұқият оқып шығыңыз. Бұл нұсқауларды болашақта қолдану үшін қауіпсіз жерлерде сақтау ұсынылады.



1. Қосқыш/өшіргіш, жылдамдықты таңдау және импульстік позициялар
2. „ТУРБО“ батырмасы
3. Мотор блогы
4. Алмалы салмалы блок
5. Биттерлерге / қамыр илеу ілмектеріне арналған монтаждау саңылаулары
6. Қамыр илеу ілмектері
7. Биттерлер

Мақсаты

Қол миксері тағамдық және сұйық ингредиенттерді араластыруға, илеуге және ұсақтауға араластыруға арналған. Бұл өнім тек тұрмыстық қолдануға арналған.

Маңызды! Қауіпсіздік шаралары

Назар аударыңыз! Желіден жұмыс жасайтын аспаптарды қолдану кезінде әрқашан негізгі қауіпсіздік шараларын сақтаған, соның ішінде өрт, электр тогынан зақым алу және жарақат алу қауіптерінің алдын алу үшін келесілерді орындаған жөн.

- Аспапты қолдануды бастамас бұрын осы нұсқаулықты толықтай мұқият оқып шығыңыз.
- Мақсаты осы нұсқаулықта сипатталған. Осы нұсқаулықта ұсынылғаннан басқа кез келген керек-жарақтарды немесе толықтыруларды қолдану немесе осы аспаппен кез келген операцияларды орындау жарақат алу қауіпін тудыруы мүмкін.

Болашақта қолдану үшін осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз.

Аспапты пайдалану

- Қозғалып тұрған бөліктерге қолыңызды тигізбеңіз.
- Аспапты желіге жалғамас немесе желіден ажыратпас бұрын оның өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
- Аспапты қолдану кезінде аса сақ болыңыз.
- Штепсельді розеткадан ажырату үшін ешқашан желілік шнурдан тартпаңыз. Желілік шнурды жылу көзінен, майдан және өткір жиектерден алыста ұстаңыз.
- Аспапты үйден тыс қолданбаңыз.
- Әрқашан мотор блогын судан немесе шамадан тыс ылғалдылықтан қорғаңыз.
- Аспапты тек құрғақ қолмен пайдаланыңыз.
- Ешқашан желіге қосылған құрылғының негізгі корпусынан биттерлерді, қамыр илеу ілмектерін және блендер құрылғысын ажыратпаңыз. Әрқашан алдымен құрылғыны желіден ажыратыңыз.
- Ешқашан биттерлерді, қамыр илеу ілмектерін және блендер құрылғысын негізгі корпусқа бекітілген кезде ағын су астында жууға болмайды.

- Блок жұмыс істеп тұрған кезде биттерлер, қамыр илеу ілмектер және блендер құрылғысы желілік сымға тиіп кетпеуін қадағалаңыз.
- Егер жұмыс кезінде желілік шнур зақымдалған болса, аспапты дереу желіден ажыратыңыз. Желілік шнурды желіден ажыратқанға дейін оған қолыңызды тигізбеңіз.
- Құрылғыны пайдаланбаған кезде, бөлшектерді салмас немесе алып тастамас бұрын немесе жуу алдында ажыратыңыз.
- Электрлік аспапты кез-келген жөндеуді тек білікті маман орындауы керек. Дұрыс емес жөндеу пайдаланушыға үлкен қауіп төндіруі мүмкін.
- Желілік шнур бүлінген жағдайда оны тек білікті маман ауыстыруы тиіс.
- Бұл аспапты 8 жастан асқан балалар қолдана алады; физикалық, сезімталдық және ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдар; құрылғымен жұмыс жасау тәжірибесі жоқ және оны қалай қолдану керегін білмейтін адамдар тек бақылаумен және қауіпсіз қолдануды және оған байланысты қауіптерді қамтамасыз ететін адамдардың бақылауымен және басшылығымен ғана қолдана алады.
- Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз.
- Тазалауды және қызмет көрсетуді 8 жасқа толмаған балалар орындамауы не болмаса ересектердің бақылауымен жасауы тиіс.
- Шу деңгейі: $L_c = 72$ дБ (A)

Бұл жабдық Электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтары туралы 2002/96/GU еуропа деректемесіне сәйкес таңбаланған (WEEE).

Осы директива барлық ЕО елдерінде қолданылатын электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын жинау және кедеге жарату бойынша талаптарды анықтайды.

Қолданғаннан кейін

- Құрылғыны қараусыз қалдырмас бұрын және құрылғының кез келген бөлігін ауыстыру, тазалау немесе тексеру алдында штепсельді розеткадан ажыратыңыз және өшіріңіз.
- Жұмыс істемей тұрған кезде аспапты құрғақ жерде сақтау керек. Балалар сақталған аспапқа қол жеткізе алмауы керек.

Тексеру және жөндеу


- Қолданар алдында аспаптың зақымдануын және өндірістік ақауларды тексеріңіз. Бөлшектердің сынбағанын, ауыстырып қосқыштардың зақымдалмағанын және оның жұмысына теріс әсер етуі мүмкін басқа заттарды тексеріп алыңыз.
- Егер оның кез-келген бөлігі зақымдалған немесе ақаулы болса, аспапты пайдаланбаңыз.
- Қолданар алдында желілік шнурдың зақымдану, тозу және істен шығу белгілерін тексеріңіз.
- Егер желілік шнур немесе желілік штепсель зақымдалған немесе ақаулы болса, аспапты пайдаланбаңыз.
- Ешқашан осы нұсқаулықта көрсетілгендерден басқа кез-келген бөлікті алып тастауға немесе ауыстыруға тырыспаңыз.

Құрастыру

Құрастыруды бастамас бұрын аспаптың өшірілгеніне және желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

Биттерлерді, қамыр илеу ілмектерін және блендер құрылғыларын таңдау

- Сұйықтықтар мен қоспаларды араластыру, көпірту, илеу, ұсақтау және кілегей түзу үшін биттерлерді қолданыңыз.
- Қамыр араластыру және илеу үшін қамыр илейтін ілмектерді қолданыңыз.
- Ұсақтау (біркелкі массаны араластыру) үшін блендер құрылғысын қолданыңыз.



Ескерту!

- Ілмекте (а) таңбалау сақинасы бар. Ілмектерді тиісті ұяшықтарға орнатыңыз, әйтпесе ілмектер дұрыс жұмыс жасамайды!

Биттерлерді немесе қамыр илеу ілмектерін орнату

- Аспапты өшіріңіз.
- Биттер сабын мотор блогындағы монтаждау саңылауына салыңыз.
- Биттер сырт еткен дыбыс шығарғанша оны басыңыз және бұраңыз.

Екінші биттер үшін де процедураны қайталаңыз.

Биттерлерді немесе қамыр илеу ілмектерін ағытып алу

- Аспапты өшіріңіз.
- Ажырату батырмасын басыңыз.
- Биттерлерді немесе қамыр илеу ілмектерін электрлік қозғалтқыш блогынан суырып алыңыз.

ҚОЛДАНУ

- Қосу үшін жылдамдық ауыстырып қосқышын позициялардың біріне орнатыңыз: **1** (ең төменгі жылдамдық) және **5** (ең жоғары жылдамдық) аралығында. Тағамдарды төмен жылдамдықпен ауыстыруды бастаңыз. Біраз уақыт өткен соң аспапты жоғары жылдамдыққа ауыстырыңыз.
- Өшіру үшін жылдамдықты ауыстырып қосқышты **0** позициясына орнатыңыз.
- Үздіксіз жұмыс 10 минуттан (көпіруге арналған қондырмалармен) және 2 минуттан (қамырға арналған қондырмалармен) аспауы тиіс! Осы уақыт ішінде үздіксіз жұмыс жасағаннан кейін жұмысты қайта бастамас бұрын кемінде 10 минут аспапты салқындатып алыңыз.
- Сұйықтықтың аспапқа шашырамауы үшін оны төмен жылдамдықпен араластырыңыз.

- Аспап жұмыс жасап тұрған кезде тағамдар араласып жатқан тостағанды қолыңызбен ұстап тұрыңыз.

ЖУУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Жууды және техникалық қызмет көрсетуді бастамас бұрын аспапты өшіріңіз және желіден ажыратыңыз.

- Биттерлерді, қамыр илеу ілмектерін немесе блендер құрылғысын жылы, сабынды суда жуыңыз және мұқият кептіріңіз.
- Мотор блогын дымқыл материалмен сүртіңіз. Қандай да бір абразивтік немесе ерігіш тазалағыштарды қолданбаңыз.

Мотор блогын суға немесе кез келген сұйықтыққа батырмаңыз.

Қоршаған ортаны қорғау

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Оны одан әрі жою үшін мамандандырылған жерге жіберіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.

Кепілдік және қызмет көрсету

Қосымша ақпарат алу үшін немесе қандай да бір мәселелер туындаған жағдайда өз еліңіздегі Сатып алушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз (орталық телефонының нөмірі кепілдік талонында көрсетілген). Егер мұндай орталық еліңізде болмаса, жергілікті Gorenje сауда ұйымына немесе Gorenje Domestic Appliances компаниясының сатып алушыларды қолдау бөліміне хабарласыңыз. Авторлық құқығы бар сервис орталықтарының мекенжайлары мен телефон нөмірлері “Кепілді міндеттемелер” кітапшасында немесе кепілдік талонында көрсетілген.

Тек үйде қолдануға арналған!

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!

EAC

Импорттаушы: «Горенье БТ» ЖШҚ,
Ресей, 119180, Мәскеу,
Якиманская жағ., 4, 1-құр.
Тел.: 8-800-700-05-15
info@gorenje.ru
<http://www.gorenje.ru>

GORENJE
АСПАПТЫ АСҚАН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН
ҚОЛДАНУЫҢЫЗДЫ ТІЛЕЙМІЗ